

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Анашым - қуанышым

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.03.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/33447/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ельмуратова Нуржамал

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер құрметті аналар, әжелер, әріптестер! 8-наурыз халықаралық әйелдер күні құтты болсын! Сіздерге әрқашан сыр бермес денсаулық, өмірдің шапағатын тілейміз. Бұл күні өздеріңізге бағытталған тілектер періштенің құлағына шалынсын. Әрдайым мейірім шуағын шашып жүре беріңіздер. «Балапан» тобының «**Анашым — қуанышым**» атты ертеңгілігін бастауға рұқсат етіңіздер.

(Балалар әуенмен залға кіріп тұрады)

Тәрбиеші: Ана деген өмірдегі ұлы есім,

Бақ тілесе анадай-ақ тілесін.

Ана деген ардақты ат, сен оны,

Ана жайлы ән тыңдасаң білесің.

Ән: «А весной»

Тәрбиеші: Қане, балалар, аналарға арналған тақпақтарымызды айтайық.

Еркежан: Ақ анашым, аппағым,

Өзің жайлы тақпағым.

Өзің жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрін де.

Гүлім: Ана біздің күніміз,

Ананың біз гүліміз.

Балаларды қуантып,

Ұзақ өмір сүріңіз.

Хамза: Анашым, анам,

Келгенше шамам.

Үмітіңді ақтап,

Азамат болам.

Айзере: Анашым, анам,

Ризамын саған.

Тіліңді алам,

Ақылды болам.

Әр сөзімді жаттаған,

Жүрегімде сақтаған,

Анашым деп мақтанам,

Айналайын ақ анам!

Тәрбиеші: Балалар, тыңдаңдаршы, күннің күркіреген дауысы естіледі. (звук грома и дождя)

Бұл көктемнің алғашқы жаңбыры ғой, бізге қонаққа асығып келе жатқан. Қонағымызды қол соғып қарсы алайық!

(әуенмен залға Жаңбыр кіреді)

Жаңбыр: Алақай! Бұл мен, Жаңбырмын! Армысыздар аналар, әжелер, қонақтар! Саламатсыңдар ма, балалар!

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе, Жаңбыр! Көктемде сенің жұмысың көп болса да, уақыт тауып біздің мерекемізге келгеніңе өте қуаныштымыз.

Жаңбыр: Ия, мен қыс мезгілінде аппақ қар болдым, ал көктем келісімен жылы жаңбырға айналдым. Қысты күні балаларға көп қуанышты күндер сыйлаймын, ал көктемде жер жүзін суарып, гүл бағына айналдырамын! Балалар, мен сендермен бірге ойын-сауық құрғалы келдім. Мен өте ойыншылмын. Әсіресе билегенді қатты ұнатамын.

Тәрбиеші: Олай болса біздің тамшылармен бірге би биле.

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегіңді көз көп дейін.
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге,
Қол соғып қарсы алайық қыздар биін.

«Бұлттар биі»

Жаңбыр: Тамаша! Маған бұл би қатты ұнады. Балалар, менімен ойнағыларың келе ме? Ендеше, шыға қойыңдар.

Ойын: «Күн мен жаңбыр»

Ойын: «Күн мен бұлт»

Жаңбыр: Ой, балалар, сендермен ойнап жүріп әжемді құттықтауды ұмытып кетіппін ғой!

Тәрбиеші: Жаңбыр, сенің әжең қайда тұрады?

Жаңбыр: Ол ертегілер елінде тұрады. Сендердің менімен бірге барғыларың келе ме?

Барлығы: Әрине!

Жаңбыр: Олай болса бәріміз поезға отырып, жолға шығайық.

(Балалар «Паровоз» әуеніне залды бір айналып орындарына отырады. Ортаға үйшік қойылады, Әже шығады)

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, Әже!

Жаңбыр: Әжетай! Мен сізді мерекеңізбен құттықтайын деп асығып келдім. Өзіммен бірге балаларды да ерте келдім.

Әже: Амансыңдар ма, құлындарым. Сендерді қатты сағынып жүр едім, келгендерің қандай жақсы болды.

Жаңбыр: Бүгін менің әжем ерекше әдемі болып кетіпті.

Тәрбиеші: Әрине, өйткені әжелер мейірімді, сұлу, асыл жандар. Қазір біздің балалар әжелерге арнап тақпақтар айтып береді.

Алихан: Аналарды сүйеміз,

Сөзін ойға түйеміз.

Әжені де ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

Севинч. Өмірдің қызығы,

Өзіңсіз өтпейді.

Мен үшін әжеме,

Ешкімде жетпейді.

Малика Әже – біздің күніміз,

Әженің біз гүліміз.

Балаларды құантып,

Аман-есен жүріңіз.

Тәрбиеші: Ал енді, әжелерімізге би билеп берейік!

Ән-би: «Бабушка»

Әже: Рахмет сендерге боталарым! Өнерлі екенсіңдер. Тақпақ айтып, би билеп, менің көңілімді көтердіңдер. Сендердің қарындарың ашқан шығар, ал менің бәліштерім болса әлі дайын емес. Енді не істесем екен?

Жаңбыр: Әжетай, сүт бар болса, балаларға тез ботқа пісіріп берейік.

Тәрбиеші: Ал, біздің жігіттеріміз сіздерге көмек береді!

Би: «Варись кашка»

Ойын «Гүл жинау»

Тәрбиеші: Әжетай, біз енді балабақшаға қайтайық.

Әже: Осылай жиі қонаққа келіп тұрыңдар. Жолдарың болсын!

Тәрбиеші: Құрметті біздің сұлу да сымбатты аналарымыз, әжелеріміз. Біздің кішкентай ғана бүлдіршіндеріміздің сіздерге арнап жасаған сыйлығын қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар «Балапан» тобының аналарға, әжелерге арналған ертеңгілік осымен аяқталды. Сіздерді бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтай отырып, сөз кезегін балабақша меңгерушісі Дәрменова Жұлдыз Аманжолқызына береміз.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.